



**Жакешова А.П.,
Исатаева Г.Б.**

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
САЛЫҚ ЖҮЙЕСІ: КЕЙБІР
ТҮЙІНДІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ
ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ**

*В статье рассматриваются некоторые
актуальные проблемы налоговой
системы и пути их решения.*

*This article discusses some current
problems of tax systems and ways of its
solution.*

Нарық және салық – бүгінгі таңның ең маңызды өзекті мәселелері. Салық нарықтық қатынасты реттеуші маңызды құрал, сондықтан бұл мәселе тартымды. Тарих әлемінде нарық ұзақ әрі күрделі жолдардан өтті. Адамзат өркениетінің дамуында осы экономикалық «ұзақ өмір сүргіштің» рөлінен бас тарту немесе оны кеміту келенсіздікке жетелейді. Жоғары дамыған нарық – бұл хаос немесе апаттын орын алуы емес, керісінше қатан тәртіп және келісімді тәртіп. Мұны «жуасыған хаос» деп атауға толық негіз бар, себебі салық жүйесі «үйретушілердің» бірі болып табылады. Қазақстан әлемдік қауымдастықпен нарықтық экономикасы дамыған мемлекет болып танылған, бірақ өкінішке орай, қазақстандық экономика жоғары дамыған нарық деңгейіне қол жеткізген жоқ. Ел Үкіметі елді көздеген мақсатқа қол жеткізуге жетелейтін, тиімді экономикалық реформалардың бағыттарын іздеу үстінде. Осы мақсатқа қол жеткізу бағыттарының бірі - мемлекеттің, сондай-ақ жалпы қоғамның және әрбір жеке салық төлеушінің мүдделеріне жауап беретін теңгерімді салық жүйесін құру.

Мақаланың мақсаты Қазақстанда салық салу мәселесі және оларды шешу жолдары, оларға шолу жасау және жүйелендіру бойынша кейбір мамандардың пікірлерін талдау болып табылады. Зерттеу тақырыбы отандық экономикалық әдебиеттерде жақсы жарияланған. Салық және салық салу саласында барынша белгілі отандық теоретиктердің ішінен А.И.Худяковті, Ф.С. Сейдахметовті, Г.М.Бродскийді, сонымен бірге авторлық ұжымдағы Э.К.Идрисовты және К.К.Ильясовты атап өтуге болады. Ең алдымен салық жүйесінің түйінді мәселелері туралы сөз қозғаудан бұрын, салық және салық жүйесі деген негізгі ұғымдарды айқындап алған жөн.

А.И.Худяковтің жұмысында бұл ұғымдар «Салықтар: ұғым, элементтер, белгілеу, түрлер» ретінде қарапайым орынды мағынамен баяндалады. Ол бұл тақырыпқа бүтіндей бір бөлімді арнайды. Шетелдік авторлардың жұмыстарындағы салықтың әртүрлі анықтамаларын талдай отырып, ол келесідей анықтаманы алға тартады: «Салық – төлемі мемлекет тарапынан мәжбүрлі шарамен қамтамасыз етілетін, қайтарымсыз, эквивалентсіз және тұрақты сипаттағы, белгіленген мерзімде және көлемде салықты түзейтін субъектімен, біржақты тараппен және тиісті құқықты үлгімен уәкілетті орган тұлғасында мемлекетпен белгіленген мемлекеттің кірісіне жататын ақшалай және натуралды міндетті төлем» [1]. А.И.Худяков



өз жұмысында қолданатын салық жүйесінің ұғымы Ф.С.Сейдахметовтің салық жүйесіне қатысты ұсынған анықтамасына жақын: «Салық жүйесі – бұл салық төлеушілердің және мемлекеттің мүдделерін қамтамасыз ету мақсатымен бір-бірімен өзара әрекетте болатын, салықтардың жиынтығынан құралған белгіленген тұтастық немесе жиынтық» [2], заңнамалық және нормативтік қор; бюджетке төленетін салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді құрастыру мен алудың әдістері; салық бақылауын жүргізу түрлері және үлгілері; салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді алу міндеті кіретін мекемелер, олармен келіспеуге болмайды – міне осылардың бәрін жүйенің құрамды бөліктері деп атайды.

Қазіргі таңда қолданыстағы Салық кодексінің жобасы баспасөз беттерінде айтарлықтай жеткілікті дәрежеде талқыланды. Биліктің атқарушы және заңнамалық тармақтарының өкілдері ерекше белсенділік танытты. Осылайша, салық заңнамасын жетілдіруде негізгі шарттар сақталады - тұрақтылық және орын басушылық». М.Есенбаевтың пікірі бойынша ҚР-да салық заңнамасын жетілдіру салық төлеушілердің кейбір санаттары үшін салық салу тәртібін жеңілдетумен, кейбір жеңілдіктерді реттеумен, қорды айқындауға, мөлшерлемені өзгеруіне байланысты кейбір ережелерді нақтылаумен айқындалды. Жаңа заң салық төлеушілерге қатысты барынша либералды деп санайды, осы саланың жаңалығы төмендегідей: 1) шығындардың кейбір түрлерін шегеруге жатқызуға рұқсат беру арқылы корпоративтік кіріс салығымен салық салудың нақты қорын айқындау мүмкіндігі; 2) жеке кіріс салығымен салық салудың барынша жоғары либеральдік шегі; 3) әлеуметтік салық мөлшерлемесін төмендету; 4) салық жүйесін оңтайландыру (мемлекет және шаруашылық субъектілері мүдделерінің теңгеріміне қол жеткізу); 5) салыққа әкімшілік етуді жетілдіру, оның ішінде салық органдарымен салық төлеушілердің өзара қарым-қатынас тетігінің айқындылығы; құқықтары мен міндеттерін нақты тәртіптеу.

Жоғарыда қарастырылған бағыттарға талдау жасай отырып, оларды жақтаушылардың жалпы мақсаты – бұл қоғамның алдында барлық мемлекеттік міндеттемелердің орындалуына мүмкіндік беретін балама салық түсімі екенін белгілеу қажет. Олардың көзқарасы түсінікті де: мемлекет мүдделерін қорғау – олардың жұмысы. ҚР салық жүйесін дамытудың теориялық тұжырымдамасы (бағдарламасы) өңделуі тиіс, оның негізгі бағыты салық төлеушілердің кейбір санаттарынан салық жүктемесін төмендету саясатын қамтиды; - екіншіден, салық төлеушіге қатысты, оның қызмет ету саласын ескеретін сараланған әдісті енгізу; - үшіншіден, бюджет шығындарына шектелген сома белгіленуі және республикалық, сондай-ақ жергілікті деңгейдегі бюджет қаражаттарының жұмсалыуына бақылау нығайтылуы тиіс.

Салық – дәрумен, бірақ панацея емес. Әлемнің дамыған елдерінде бұл ұғымды бұрыннан меңгерген, сондықтан салық жүйесі реттеуші қызмет ретінде қолданылады. Салық төлеуден бас тарту (жалпы бұқаралық) мәселесін талдау кезінде, ҚР Парламент Мәжілісінің бұрынғы төрағасы М.Оспановтың «Салық қатынасы және салықты басқару саласында парасатты ғылыми-теориялық өңдеулер жоқ, түбегейлі талдау жүргізбей, қазіргі Қазақстанның нарықты жағдайында батыстың тұрмыс-тіршілігін көз жұма отырып қолдану нәтижесі, бүгінгі күні жаңадан қабылданған Салық кодексі (1995ж.04.24-і күнгі «Салық және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер туралы» ҚР Президентінің қаулысы жайында мәселе айтылуда) тікелей салық төлеушіге, салық заңнамасын бұзатын қаскүнем ретіндегі қарама-қарсы қатынасты меңзейді, сондықтан бұл онымен бірлескен ынтымақтастықпен қызмет жасауға емес, керісінше оның ойына алған құқық бұзу әрекетін айқындауға және аяусыз шектеуге бағытталған» деген пікірімен келіспеуге болмайды [4]. Бұл 2001ж.06.12-сі күнгі қабылданған Салық кодексіне де тән, мұнда салық төлеушіге қатысты қарым-қатынас бұрынғыдан да барынша қатаң екенін атап өткен жөн.

Онда осы бас тарту себебі неде? А.И.Худяков пен Г.М.Бродскийдің пікірі бойынша «біздің жұмысымыз іс жүзінде Лаффер теориясын жүзеге асыру, осыған сәйкес көлеңкелі экономиканы дамытудың салық жүйесімен кері байланысы бар, яғни салықты ұлғайту көлеңкелі экономиканың, ресми және ресми емес түрде салықтан бас тарту көлемін арттырады, бұл ретте қолда бар кірістің басым бөлігі ресми мәлімделмейді және салық салудан жасырын болады»[5]. Әрі қарай авторлар осы құбылыстың «айыптыларын» айқындайды және «салық төлеуден бас тартуға қарсы күресті, салық төлеушілер үшін салықты экономикалық тұрғыда негізделген және қолдануға қолайлы ете отырып, салық жүйесін және осы заңнаманы жетілдіруден бастау қажет» деген пікірді ұсынады[5], ал мұнымен келіспеуге болмайды.

Г.Лесбековтің мақаласы негізінде, экономиканы реттеу және қаржының жай-күйін жақсартуды қамтамасыз ету бойынша шетелде жинақталған салық жүйесін қолдану және дамыту тәжірибесі Қазақстан үшін тәжірибелік мәні бар, сонымен қатар бюджеттік және салық саясатын қалыптастыру барысында қолданылуы мүмкін деген негізгі қорытындыны жасауға болады. Қазіргі кезеңде



Қазақстанның салық жүйесін сипаттай отырып, жаңа Салық кодексін енгізген сәттен бастап шамалы ғана төрт жыл ішінде салық жүйесінің негізгі буыны- салық заңнамасын жетілдіру саласында айтарлықтай көлемді іс атқарылды. Жалпы, мамандар қолданыстағы Салық кодексіне жоғары баға береді. Алайда өкінішке орай, іс жүзінде «қағаз жүзінде бәрі теп-тегіс болғанымен, оның жырлары болатынын ұмытып кету» жағдайлары кездеседі. Тіпті ең жоғары деңгейде өңделген заң да, оны жүзеге асыру үшін нақты жағдайлар жасамаса қолданысқа енбейді. Салық жүйесі маңызды үш қызметті орындауға жұмылдырылған:

- фискальдік, оның көмегімен мемлекеттің іске қосылуы үшін материалдық жағдайлар жасалады және мемлекеттік қаржы қорлары қалыптастырылады;

- қоғамдық өндірістің қарқынын ынталандыру, капиталдың жинақталуын нығайту немесе әлсірету, халықтың төлемге қабілетті сұранысын кеңейту немесе кеміту арқылы қоғамдық өндіріске әсер ететін, қайта бөлу үрдісіне қатысатын экономикалық;

- бақылаушы, оның негізінде салық жүйесіне бақылау қамтамасыз етіледі және осы немесе өзге өзгертулерді енгізу қажеттілігі айқындалады.

Алайда, қолданыстағы салық жүйесі шектелген тұтастықта әрекет ететін барлық функциялардың бірлескен жүйесі жайында әсер қалдырмайды. Жоғарыда аталған мамандардың жұмыстарын сараптай отырып, келесідей қорытынды жасауға болады.

Егер әлемнің дамыған мемлекеттері тиімді салық саясаты арқылы экономиканы реттеу мәселесін шешіп отырған болса, ал қазақстандық салық жүйесі үшін экономикалық және бақылау тәрізді функцияларды жүзеге асыру туралы мәселеден басқа, фискальдік функцияны жүзеге асыру әлі де өзекті мәселе болып табылады. Әрине, Республиканың үкіметі барлық жағынан кінәлі емес. Халықтың сана-сезімінің төмен болуы, салық төлеу саласындағы құқықтық саран ой бейнесі – шын мәнінде орын алған себептердің бірі және мемлекеттің салық саясатын жүзеге асыруға шешуші ықпал етеді.

Қазақстан ұзақ уақыт бойы социалистік мемлекеттің құрамында болды, мұнда мемлекеттік меншік шартында салық жүйесі жетік дамыған жоқ, оның нәтижесінде бірінші кезекте, салық төлеуші тұлғасында мемлекет пен қоғам арасындағы салық қатынасының жеткілікті дамымауына жетеледі. Сананы қалыптасыру – айтарлықтай күрделі және ұзақ үрдіс. Азамат мемлекет алдында өзінің міндеттемелерін адал орындау үшін оған ерте жастан «салық - өркениетті қоғамның бағасы» деген ойды санасына енгізу қажет. Бұл мәселені жалпы білім беру мектептерінің және арнайы-орта және жоғары білімнің барлық деңгейіндегі бағдарламаға «Салық және салық салу» курсы енгізу арқылы жартылай шешуге болады.

Сонымен, егер салықтың мәні мектепте ұғындырылса, онда азаматтарға арнайы орта және жоғары білім алғаннан соң олардың құқықтарын және міндеттерін, әсіресе салықтың кейбір түрлерінің төлемі туралы түсіндіруге, яғни азаматтардың құқық және салық мәдениетін қалыптастыруға болады. «Салық - өркениетті қоғамның бағасы» деген ойды қарапайым түрде ұғындыру жеткіліксіз, мемлекет – «өркениетті қоғамды» құратын шарттарын, шын мәнінде, жеке салық түрінде талап етілген «баға» екенін дәлелдеу қажет.

АҚШ, Франция, Швеция және өзге елдердің азаматтарының салық төлеу туралы ой-санасы толық ұғындырылады: олар өз іс-әрекеттерінің нақты нәтижелерін көреді және олар үшін өз кірісінің бөлігін еркімен беруге дайын, сонымен қатар бұл елдердің салық жүйесі керемет жақсы деп айта алмаймыз, мұнда да шешімін таппаған түйінді мәселелер орын алады.

Осылайша, мемлекет, елдің азаматтарын тәрбиелеумен қатар қоғамның және әр азаматтың жеке үйлесімді дамуы үшін жағдай жасауы тиіс, сонда ғана азаматтар санасының жеткіліксіз «кемшін» жақтарына қатысты мәселе шешіледі.

Келесі жағынан, салық - өткір және әлеуметтік қауіпті құрал-сайман, оны өте ойланып, сақтықпен қолдану қажет. Әрине, бұл ғылыми тұрғыда. Мемлекет мұны да ескеруі тиіс.

Әдебиеттер:

1. Сайдахметов Ф.С. Қазақстандағы салық. - Алматы, 2002. - 4 б.
2. Дюсенбаев Н. Салық – дәрумен, панацея емес// Қазақстан қаржысы, 2001, № 1.
3. Оспанов М.Т. ҚР салықты басқаруды жетілдірудің өзекті мәселелері. - Алматы, 1996. - 40 б.
4. Худяков А.И., Бродский Г.Н. Салық салу теориясы. - Алматы, 2002. - 135 б.